

Ауылшаруашылығы саласында орны бар ғалым

Мемлекет басшысы отандық ғылымды дамыту ісіне айрықша мән беруде. Бұл өзекті мәселеге Президенттің сайлау алдындағы бағдарламасында, Ғылым және технологиялар жөніндегі ұлттық кеңестің отырысында сөйлеген сөзінде баса назар аударылды.

Батыс Қазақстан облысында да ғылымның дамуына, саланың көркеюіне үлес қосып, ерен еңбектерімен еліміздің өркендеуі жолында қызмет етіп жүрген ғалымдар аз емес. Біздің бүгінгі кейіпкеріміз бір кездері Кәмшат Дөненбаевадай даңқты тракторшы болуды армандап, ғылымды бағындырмай тұрып-ақ ауылшаруашылығы саласында еселі еңбек етіп, қайсар қазақ қыздарының бейнесін анық таныта білген. Ол – ауылшаруашылығы ғылымдарының кандидаты Диамара Төлегенова.

Бүгінде Ақ Жайықта еңбек етіп, Орал қаласының тұрғынына айналған Диамара Қабденқызы 1963 жылы 29 тамызда Атырау облысы Құрманғазы ауданында дүниеге келген. Зиялы қауым иелерінің отбасында өскен кейіпкеріміздің өмір жолы мен еңбекке араласқан сәттері қызықты естеліктерге толы. Ата-анасы ұлағатты ұстаз болған, ал әкесі кейіннен әкімшілік жұмыстарды атқарған. Бес перзенттің төртіншісі болып дүние есігін ашқан кейіпкеріміз мектепті үздік бітірген. Мектеп қабырғасында белсенді оқушылардың бірі болған болашақ ғалымның бастапқы арманы атақты механизатор Кәмшат Дөненбаева секілді алып тракторды тізгіндеу еді. Осы ойынан ай-

нымаған белсенді жас ауылда қалып, кәсіби-техникалық училищеде оқып, комсомол жастар бригадасының қатарында қайнаған еңбекке араласып кете барады.

Дөненбаевадай даңқты тракторшы болсам деген қайсар қазақ қызына тән мінезі бар ару алдымен «Т-25» қызыл тракторына отырып, шөп жинау науқанына атсалысады. Науқан аяқталған соң сары күзге дейін далада жұмыс жасаған еңбекқор қыз ауылға келісімен металл жону цехында (токарьный цех) жұмысын жалғастырады. Ал көктемде мал төлдету науқанына өз еркімен сұранып барып, ол жерде де бар жұмысты талғамай атқарып шығады. Жұмыс жасай жүріп, қолынан оқулықтарын тастамайтын еңбекқор кейіпкеріміз болашақта жоғары білім алуды да жоспарлап жүреді.

Осылайша жазда – егінде, қыста – гаржда, көктемде – мал қорада ер-азаматтармен иық тіресе жұмыс атқарып, еңбекпен шындалған бойжеткен аудандық партия комитетінің мүшелігіне қабылданады. Әрине, ол кезде мұның өзі үлкен жетістік болатын.

– Әкем сонда мен үшін қатты қуанып еді. Партия қатарына өткеннен кейін жоғары оқу орнына оқуға тапсыруға бел будым. Содан 1982 жылы Атырау облыстық ауылшаруашылығы бөлімінің жолдамасымен Оралға сол кездегі Батыс Қазақстан ауылшаруашылығы институтына, қазіргі Жәңгір хан Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетіне дайындық курсына келдім. Емтихандарды жақсы тапсырып, оқуға қабылдандым, – деп есіне алды ғалым-ұстаз.

Университеттегі ұстаздарының ішінен ғылыми жетекшісі болған ауылшаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор Эдуард Браунның есімін ерекше атап өткен Диамара Қабденқызы студенттік жылдарын да сағынышпен еске алды.



Практикадан ауылдарға барып өтетінін, сол тәжірибенің арқасында барлық сынақтарды «өте жақсыға» тапсыратынын айтты. Студенттік шағы да желдей жүйткіп өте шыққан жас түлек туған жері – Атырау өңіріне агроном болып оралады.

Институтты бітіріп, еңбек жолын жоғары білімді маман ретінде жалғастырған кейіпкеріміз бұдан әрі де өзіне үміт артқан әкесінің сенімін ақтауға тырысып, өзіне жүктелген жұмыстарды жауапкершілікпен атқарады. Құрманғазы ауданында екі жыл бас агроном болып жемісті еңбек етіп, егін шаруашылығын гүлдендіруге өз үлесін қосты. Белсенділік танытып, үлкен мерекелерде сахнаға шығып өлең оқып, қойылымда ойнайтын өнері де болды. Өкінішке орай, институт бітіруіне бір жыл

қалғанда дүние салған әкесі қызының бұл қуанышты сәттерін көре алмады. Қажет жерде қаталдық та танытқан білікті маман қарамағындағы қызметкерлерінен жауапкершілікті талап ете білген. Дикандардың да барлық жағдайын жасап, көлікпен қамтамасыз етуі, еккен жүгеріден 250-300 гектар өнім алуы осындай еселі еңбектің нәтижесі екені сөзсіз.

1987 жылы Алға ауылындағы мектепте ұстаз болған Абат Қыдыршаев есімді азаматпен отау құрып, шаңырақ көтереді. Ұжымда сыйлы болған маманды жұмыстастары да қимай ұзатып, неке кию қуаныштарының куәсі болыпты. Сонда да жұмыстан қол үзбеген жас келін жем-шөп бригадирі болып жұмысқа орналасады.

1990 жылы өмір арнасы жас отбасыны тағы да Орал қаласымен қауыштырады. Бұл жолы жолдасы Абат Сатыбайұлы қазіргі М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетіне жұмысқа шақырылған екен. Ал Диамара Қабденқызы өзі жоғары білім алған БҚАТУ-ға лаборант болып жұмысқа орналасады. Бір ауданның бірдей агрономы болған кейіпкерімізге еңбек жолын тағы да жаңа парақтан бастауға тура келеді. Кейін университет қабырғасында аға лаборант, ассистент, аға оқытушы, доцент, кафедра меңгерушісі, декан лауазымдық қызметтерін абыроймен атқарған. Сонымен қатар ғылымға ден қойған Диамара Қабденқызы картоп өсіру бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізе бастайды. 1993-1997 жылдары Алматыдағы «Қазақ картоп және көкөніс шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтында» сырттай аспирантурада оқиды. Ғылым жолында ұстазы Эдуард Браун үнемі ақыл-кеңесін аямай, бағыт-бағдар беріп отырады.

Ғалым-ұстаз Д.Төлегенова 2009 жылдан бері тритикале сортын өсіру бойынша

гранттық жоба ұтып алып, үш тақырыпта жұмыс жасап келеді. Жан-жақты зерттеу жұмыстарын әріптестерімен бірге жүргізуде.

Бос уақытында үйінің асханасында бар шеберлігін салып, тәтті тағамдар дайындайтын Диамара Қабденқызы – аяулы ана, бақытты әже. Өзі зиялы отбасынан шыққан ғалым-ұстаздың жанұясын «ұстаздар ди-настиясы» десе де болады. Құдай қосқан қосағы Қыдыршаев Абат Сатыбайұлы – М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің профессоры, педагогика ғылымдарының докторы, академик. Ұл-қыздары да білім-ғылым саласынан алыстамай, еңбек етіп жүр.

Өмір жолы осындай тағылымға толы ғалым 2008 жылы «ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері» атанса, 2015 жылы «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағын иеленді. Облыс әкімінің Алғыс хаты, ректордың Құрмет грамотасы, «БҚАТУ-дың үздік оқытушысы» төсбелгісі – еселі еңбегінің жарқын үлгісі. Өз білгенін үйретуден жалықпайтын ұстаз – университетшілік «Үздік инновациялық сабақ» байқауының жеңімпазы.

– Мен еңбек жолымды қара жұмыстан бастағаным, трактор жүргізгеніме ешқашан арланған емеспін. Балаларыма үлгі етіп айтып отырамын. Сонымен қатар Жәңгір хан университетіне де алғысым шексіз. Жауапты жұмыстарды сеніп тапсырған басшылыққа, әріптестеріме ризамын, – дейді Диамара Қабденқызы. Докторлық диссертация қорғамадым-ау деген ішкі толғаныстары болғанымен, ғылым жолындағы жоспарлары аз емес. Әр өңірде қызмет атқарып жүрген шәкірттері де ұстаздың мерейін үстем етеді.